

С.Қ. Искендинова, Р.К. Конуспаев, Т.Ж. Демесинов

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: isksaule@mail.ru)**Ауыл шаруашылығын субсидиялау мәселелері**

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы саласындағы бюджеттік субсидиялау үрдістері зерттелді, агроөнеркәсіптік кешенді республикалық бюджеттен субсидиялау жүйесінің 2012–2018 жж. аралығында елеулі өзгерістерге ұшырау жағдайы талданды. Келесі бағыттар бойынша субсидиялауды жүзеге асыру бағыттары зерттелді: инвестициялық салымдар кезінде АӨК субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу; АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру бағыты шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау; ауылшаруашылығы малдарын, техника мен технологиялық жабдықтарды сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау; АӨК саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасын субсидиялау. Субсидиялар белгілі бір ресурстар түрлерінің қолжетімділігін арттыру мақсатында берілгендіктен, субсидиялардың экономикалық мәні субсидиялар арналған кәсіпорындардың (саланың) бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылатыны қорытындыланды. Субсидиялау үрдісіндегі келесідей кемшіліктер анықталды: инвестициялық субсидиялау қағидаларында өңірлердің даму әлеуетіне қарай өлшемдер ескерілмейді; субсидиялау ережелерінде бағыттарды қаржыландырудың шекті көлемі регламенттелмеген, сол арқылы басымдықтың төменгі қатарындағы бағыттар үшін қаражаттың болмауы тәуекелі туындайды; ауыл шаруашылығы малдарын, техника мен технологиялық жабдықтарды сатып алуға несие беру сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау көп жағдайда өңірлерде сұранысқа ие емес. Қаражатты жоспарлау жыл сайын бөлінетін көлемдерді резервтеу және оларды одаң әрі қайта бөлу мақсатында жүзеге асырылады. Лизинг алу кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау инвестициялық субсидиямен (ынталандыру жоспарында) қиылысатынын, ал мемлекеттік қолдау шараларын (кредиттер және технологиялық жабдықтар лизингі бойынша, ауылшаруашылық жануарларын сатып алуға, сондай-ақ инвестициялық субсидиялар бере отырып, ауылшаруашылық техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау) қоса атқару заңмен қарастырылғанын ескере отырып, субсидиялардың тиімділігін бағалау үрдісі және олардың салаға әсері күрделене түсуде. Айналым қаражатын толықтыру қысқамерзімді несиелендіруді ынталандыруды білдіреді және өндіріс көлемін ұлғайтуға және кенейтуге ықпал етпейді.

Кілт сөздер: ауыл шаруашылығы, агроөнеркәсіптік кешен, субсидия, бюджет, инвестиция, несие.

Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау мәселелері, соның ішінде аталған салаға бюджеттен субсидиялар бөлудің соңғы жылдары өзектілігі артып отыр, себебі бөлінген қаражаттардың толық игерілмеуі, тиімсіз пайдаланылуы көптеген мәселелер туындатуда. Бюджет кодексінің 35-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда мемлекеттік функцияларды орындаудың және республика немесе өңірді дамытудың әлеуметтік-экономикалық міндеттерін іске асырудың басқа тәсілі болмаған кезде ғана жеке және заңды тұлғаларға, оның ішінде шаруа немесе фермер қожалықтарына берілетін бюджеттен қайтарылмайтын төлемдер бюджеттік субсидиялар болып табылады [1].

АӨК-ні республикалық бюджеттен субсидиялау жүйесі 2012–2018 жж. аралығында елеулі өзгерістерге ұшырады (1-кесте).




1 - кесте

Агроөнеркәсіптік кешеннің 2012–2020 жылдары субсидиялау жүйесі

Субсидиялар	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018– 2020 жж. (жоспар)
1	2	3	4	5	6	7	8
Ауыл шаруашылығын қолдауға берілетін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеу	+	+	+	+	+	+	+
Сақтандыру төлемдерін субсидиялау	+	+	+	+	+	+	

1	2	3	4	5	6	7	8
Тұқым шаруашылығын қолдауды субсидиялау	+	+					
Асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға арналған субсидиялау	+	+		+	+		
Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялау	+	+		+	+		
Астықты экспорттау кезінде көлік шығыстарына арналған шығындардың құнын арзандату	+						
Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын арзандату	-	+					
Ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісін басқару жүйелерін субсидиялау	+						
Бау-бақша жұмыстарының экономикалық қолжетімділігін арттыруды субсидиялау	-	+					
Гербицидтердің экономикалық қолжетімділігін арттыруды субсидиялау	-	+					
АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру бағыты шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау		+	+	+	+	+	+
Дайындау ұйымдарына ҚҚС субсидиялау					+	+	+
Инвестициялық салымдар кезінде АӨК субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу			+	+	+	+	+
Қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылық өнімін тереңдете қайта өңдеп, өнім шығаруы үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау			+	+	+		
АӨК субъектілерінің қарыздарын сақтандыру және кепілдендіру шеңберінде субсидиялау			+	+	+	+	
Барлық субсидиялар саны	7	9	6	8	9	6	4

Ескерту. <https://www.esep.kz/> ресми сайтындағы Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Үкіметтің есептері негізінде авторлармен құрастырылды.

-  жергілікті бюджеттер деңгейіне берілді;
-  субсидиялау тоқтатылды;
-  мемлекеттік қолдаудың жаңа шаралары.

Көрсетілген кезеңде:

- 1) астық экспорты және ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісін басқару жүйелерін дамыту кезінде көлік шығыстарына арналған шығындардың құнын субсидиялау тоқтатылды;
- 2) 7 субсидия жергілікті бюджет деңгейіне берілді: тұқым шаруашылығын қолдау; асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдау; мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыру; ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын арзандату; бақша жұмыстарының экономикалық қолжетімділігін арттыру; гербицидтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру; қайта өңдеуші кәсіпорындардың

ауылшаруашылық өнімін тереңдете қайта өңдеп, өнім шығаруы үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау.

2012–2016 жж. аралығындағы кезеңде республикалық бюджеттен АӨК субсидиялауға шамамен 280,7 млрд тг бөлінді, оның 280,2 млрд тг игерілді, 0,5 млрд тг игерілмеді, оның негізгі бөлігі (0,4 млрд тг) 2014 ж. тиесілі. Субсидиялардың жалпы көлемі 36,7 млрд тг, немесе 2012 ж. 55,8 млрд тг 2016 ж. 92,5 млрд тг дейін 65,8 %, артты (2-кесте).

2 - кесте

2012–2020 жж. аралығындағы субсидияларды бөлу және игеру серпіні, млрд тг

Субсидиялар	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	Жоспар	
								2019ж.	2020 ж.
Бөлінген қаражат көлемі	55,8	52,8	30,1	49,5	92,5	106,7	69,6	67,5	66,7
Игерілген қаражат көлемі	55,8	52,8	29,7	49,4	92,5	106,7	69,6	-	-

Ескерту. <https://www.esep.kz/> ресми сайтындағы Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Үкіметтің есептері негізінде авторлармен құрастырылды.

Алдағы үш жылдық кезеңге Үкімет белгілеген келесі бағыттар бойынша субсидиялауды жүзеге асыру ұсынылды:

- инвестициялық салымдар кезінде АӨК субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу;
- АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру бағыты шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау;
- ауыл шаруашылығы малдарын, техника мен технологиялық жабдықтарды сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау;
- АӨК саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасын субсидиялау.

Субсидиялар белгілі бір ресурстар түрлерінің қолжетімділігін арттыру мақсатында берілгендіктен, субсидиялардың экономикалық мәні субсидиялар арналған кәсіпорындардың (саланың) бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Инвестициялық субсидиялаудың мақсаты капитал сыйымдылығын төмендету және салынған инвестициялардың өтелімділігін арттыру жолымен АӨК басым бағыттарында (секторларында) инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің қолжетімділігін арттыру [2].

Инвестициялық субсидиялар 2014 ж. бастап беріледі және 2017 ж. жағдай бойынша 44 976 332 мың тг құрады. Ауыл шаруашылығында инвестициялық субсидиялауды іске асыру басталғаннан негізгі капиталға инвестициялар көлемі 113,3 млрд тг немесе 2013 ж. 139,6 млрд тг 2016 ж. 252,9 млрд тг дейін 81,2 %-ға, 116,3 млрд тг (46 %), оның ішінде инвестициялық салымдарды субсидиялау арқылы тартылған, 2018 ж. аталған көрсеткіш 208 698 млрд тг құрады.

Инвестицияларды тарту жөніндегі оң нәтижелерге қарамастан, Есеп комитетінің аудиторлық және сараптамалық-талдамалық қызметінің қорытындылары қаралатын субсидиялау тетігін жетілдіру үшін кемшіліктер мен резервтердің бар екендігін куәландырады. Жекелеген жағдайларда өңірлердің жобаны іске асыруға байланысты тәуекелдердің ескерілмеуі және экономикалық орындылығы бөлігінде субсидиялауға арналған өтінімдерді сапасыз қарауы байқалады.

АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру бағытындағы субсидиялаудың мақсаты: айналым қаражатын толықтыруға, негізгі құралдарды сатып алуға және құрылысқа, технологиялық жабдықтарды, ауыл шаруашылығы техникасын лизингке алуға пайдаланылған қарыз алушылардың кредиттік/кредиторлық және лизингтік міндеттемелерін қайта құрылымдау, қайта қаржыландыру, сондай-ақ сыйақы мөлшерін субсидиялау түрінде мемлекет тарапынан қолдау арқылы жоғарыда көрсетілген мақсаттарға кредит/лизинг алуға байланысты туындаған берешекті қайта қаржыландыру [3].

Бағдарлама 2013 ж. бастап іске асырылуда және 2016 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша республикалық бюджеттен бағдарламаны іске асыруға 50 653 704 мың тг бөлінді (игерілгені — 50 538 279,2 мың тг). АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру бағдарламасының негізгі көрсеткіші

жалпы берешек сомасы кемінде 500 млрд тг кредиттік және лизингтік міндеттемелерді сауықтыру болып табылады, 2018 ж. АӨК субъектілерінен 167 өтініш түсіп, барлығы орындалды.

Ұлттық банктің мәліметтеріне сәйкес, 2017 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша ауыл шаруашылығындағы кредиттер 713 млрд тг құрайды, оның 348,7 млрд тг (48,9 %) күмәнді және үмітсіз болып табылады, бұл 2012 ж. деңгейге тең.

2013–2016 жж. арналған қаржылық сауықтыру бағдарламасы ауыл шаруашылығындағы күмәнді және үмітсіз кредиттер санының төмендеуіне айтарлықтай әсер еткен жоқ, бұрынғыдай, ауыл шаруашылығын кредиттеу кезіндегі жүйелі проблемалар болып қала береді. Аталған жағдайда бағдарлама АӨК субъектілерінің несиелік жүктемесін төмендету бойынша мәселені шешкен жоқ, сонымен қатар кейбір қарыздар бойынша негізгі қарыз және ол бойынша сыйақы бойынша төлемдер мөлшері ұлғайды.

2019 және 2020 жж. арналған қажеттілік қарыз алушылардың бағдарламадан күтілетін шығу факторын ескермейді. Көрсетілген субсидияларды одан әрі ұсыну ауыл шаруашылығындағы несиелік қоржынды жақсарту жөніндегі жүйелі мәселені шешпейді.

Ауыл шаруашылығы малдарын, техника мен технологиялық жабдықтарды сатып алуға несие беру сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау мақсаты: АӨК субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру және сақтандыру кезінде кепілдік және сақтандыру сыйлықақысы бойынша комиссия бөлігін субсидиялау [4].

АӨК субъектісіне мемлекеттік қолдау ретінде кепілмен қамтамасыз ету болмаған кезде агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеудің мынадай басым бағыттарында сақтандыру сыйлықақысы немесе кепілдік жөніндегі комиссия құнының 50 %-ы өтеледі: Қарыздарды кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау 2014 ж. бастап жүзеге асырылады. 2014–2016 жж. аралығындағы кезеңде республикалық бюджет туралы Занды іске асыру туралы Үкіметтің қаулыларымен өңірлерге ағымдағы нысаналы трансферттер 2014 ж. — 185 763 мың тг, 2015 ж. — 649 715 мың тг және 2016 ж. — 418 782 мың тг бөлінді, 2018 ж. 16 134 млрд тг бөлініп, толығымен игерілді.

Мемлекеттік қолдауды іске асыру кезеңінде субсидия алушылар тек 3 облыстың (Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары) АӨК субъектілері болды. Бұл ретте көрсетілген салаларда қысқамерзімді несиелендірудің оң динамикасы байқалмайды. Мәселен, 2012–2016 жж. аралығында Солтүстік Қазақстан облысы бойынша берілген кредиттер көлемі ұлғайған жоқ және орта есеппен 3,9 млрд тг құрады. Осыған ұқсас динамика Ақмола (10,4 млрд тг) және Қостанай облыстарында (8,5 млрд тг) қалыптасты.

Лизинг алу кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау мақсаты: кредиттік лизингтік шарттар бойынша пайыздық мөлшерлемені арзандату 2017 ж. АӨК мемлекеттік бағдарламасы айналым қаражатын толықтыруға берілетін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауды сақтай отырып, АӨК субъектілерінің инвестициялық шығындарын субсидиялауға кредиттер мен лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялаудан өту жоспарлануда [5].

АӨК субъектілерінің кредиттері, ауыл шаруашылығы техникасы мен жануарларының, технологиялық жабдықтардың лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға 2014–2016 жж. кезеңінде комиссия мақұлдаған қарыз шарттары жатады.

Айналым капиталын толықтыруға және ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын сатып алуға кредит беруді қолдау 2003 ж. бастап жүзеге асырылады.

Бюджет қаражатының едәуір көлемін бөлу (5,0 млрд тг астам) 2014 жылдан басталғанына байланысты, 2014–2016 жж. аралығында қолжеткізілген нәтижелер қаралды. 2018 жылдан бастап субсидия тек айналым қаражатын толықтыруға беріледі. Субсидия инвестициялық субсидиямен (ынталандыру жоспарында) қиылысатынын, ал мемлекеттік қолдау шараларын (кредиттер және технологиялық жабдықтар лизингі бойынша, ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алуға, сондай-ақ инвестициялық субсидиялар бере отырып, ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерін субсидиялау) қоса атқару заңмен қарастырылғанын ескере отырып, субсидиялардың тиімділігін бағалау процесі және олардың салаға әсері күрделене түсуде. Айналым қаражатын толықтыру қысқамерзімді несиелендіруді ынталандыруды білдіреді және өндіріс көлемін ұлғайтуға және кеңейтуге ықпал етпейді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» 2008 жылғы 4 желтоқсан № 95-IV (15.01. 2019 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz>
- 2 Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары — Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 48 бұйрығымен бекітілген агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салымдар кезінде жұмсаған шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz>
- 3 Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 5 мамырдағы № 205 бұйрығымен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау қағидалары [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz>
- 4 Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9–1/71 бұйрығымен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру және сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидалары [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz>
- 5 Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары — Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 50 бұйрығымен бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алуға, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидалары [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz>

С.К. Искендинова, Р.К. Конуспаев, Т.Ж. Демесин

Проблемы субсидирования сельского хозяйства

Изучены тенденции бюджетного субсидирования в сфере сельского хозяйства Республики Казахстан, проанализирована ситуация с существенными изменениями системы субсидирования агропромышленного комплекса из республиканского бюджета в период с 2012 по 2018 гг. Рассмотрены направления осуществления субсидирования: возмещение части расходов, понесенных субъектом АПК при инвестиционных вложениях; субсидирование процентной ставки по кредитным и лизинговым обязательствам в рамках направления финансового оздоровления субъектов АПК; субсидирование ставок вознаграждения при кредитовании, а также лизинге на приобретение сельскохозяйственных животных, техники и технологического оборудования; субсидирование заготовительным организациям в сфере АПК суммы налога на добавленную стоимость, уплаченного в бюджет, в пределах начисленного налога на добавленную стоимость. В связи с тем, что субсидии предоставляются в целях повышения доступности определенных видов ресурсов, было констатируемо, что экономическим значением субсидий является повышение конкурентоспособности предприятий (отрасли), на которые направлены субсидии. В процессе субсидирования выявлены следующие недостатки: в правилах инвестиционного субсидирования не учитываются критерии в зависимости от потенциала развития регионов; в правилах субсидирования не регламентирован предельный объем финансирования направлений, тем самым возникает риск отсутствия средств для направлений из нижнего ряда приоритетов; кредитование на приобретение сельскохозяйственных животных, техники и технологического оборудования, субсидирование ставок вознаграждения в большинстве случаев не востребовано в регионах. Планирование средств осуществляется в целях резервирования ежегодно выделяемых объемов и их дальнейшего перераспределения. Учитывая, что субсидирование ставок вознаграждения при получении лизинга пересекается с инвестиционной субсидией (планом стимулирования), а применение мер государственной поддержки (субсидирование ставки вознаграждения по кредитам и лизингу технологического оборудования, на приобретение сельскохозяйственных животных, а также по лизингу сельскохозяйственной техники с предоставлением инвестиционных субсидий) предусмотрено законом, усложняется процесс оценки эффективности субсидий и их влияние на отрасль. Пополнение оборотных средств означает стимулирование краткосрочного кредитования и не способствует увеличению и расширению объемов производства.

Ключевые слова: сельское хозяйство, агропромышленный комплекс, субсидии, бюджет, инвестиции, кредит.

S.K. Iskendirowa, R.K. Konuspayev, T.Zh. Demesin

Problems subsidies in the sphere of agriculture

The trends of budget subsidies in the sphere of agriculture of the Republic of Kazakhstan are studied, the situation with significant changes in the system of subsidizing the agro-industrial complex from the national budget in the period from 2012 to 2018 is analyzed. The directions of subsidizing in the following areas: reimbursement of expenses incurred by the subject of agriculture in investment; subsidizing the interest rate

on credit and leasing obligations in the direction of financial recovery of agribusiness entities; subsidizing interest rates for lending and leasing for the purchase of farm animals, machinery and technological equipment; subsidizing procurement organizations in the agricultural sector of the amount of value added tax paid to the budget within the accrued value added tax. Due to the fact that subsidies are provided in order to increase the availability of certain types of resources, it was stated that the economic importance of subsidies is to increase the competitiveness of enterprises (industry), which are targeted subsidies. In the process of subsidizing, the following shortcomings were identified: the rules of investment subsidies do not take into account the criteria depending on the potential of regional development; the rules of subsidizing do not regulate the maximum amount of funding for directions, thus there is a risk of lack of funds for directions from the lower number of priorities; lending for the purchase of farm animals, machinery and technological equipment subsidizing interest rates in most cases is not in demand in the regions. Planning of funds is carried out in order to reserve annually allocated volumes and their further redistribution. Taking into account that the subsidizing of interest rates in obtaining leasing intersects with the investment subsidy (incentive plan), and the application of state support measures (subsidizing the interest rate on loans and leasing of technological equipment, for the purchase of farm animals, as well as leasing of agricultural machinery with the provision of investment subsidies) is provided by law, the process of assessing the effectiveness of subsidies and their impact on the industry is becoming more complicated. Replenishment of working capital means stimulating short-term lending and does not contribute to the increase and expansion of production.

Keywords: agriculture, agro-industrial complex, subsidy, budget, investment, credit.

References

- 1 «Kazakstan Respublikasynyn Biudzhets kodeksi» 2008 zhyly 4 zheltoksan No. 95-IV (15.01. 2019 zh. berilhen ozherister men tolyktyrularmen) (2008) [Budget code of the Republic of Kazakhstan. General provisions, № 95-IV]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz> [in Kazakh].
- 2 Kazakstan Respublikasy Premer-ministrinin orynbasary — Kazakstan Respublikasy Auyl sharuashylyhy ministrinin 2017 zhyly 1 akpandahy No. 48 buiryhymen bekitilhen ahro onerkasiptik keshen subieektisi investitsiialyk salymdar kezinde zhumsahan shyhystardyn bir bolihin oteu boiynsha subsidiialau kahidalary [Rules of subsidizing the reimbursement of expenses incurred by the subject of agriculture in investment/Minister of agriculture of the Republic of Kazakhstan, No. 48, 2017]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz> [in Kazakh].
- 3 Kazakstan Respublikasy auyl sharuashylyhy ministrinin 2016 zhyly 5 mamrydahy No. 205 buiryhymen bekitilhen Ahroonerkasiptik keshen subektilerin karzhylyk sauyktyru zhonindehi bahyt shenberinde kredittik zhane lizinhtik mindetmeler boiynsha paiyzdyk molsherlemeni subsidiialau kahidalary [Rules of subsidizing the interest rate on credit and leasing obligations under the direction of financial recovery of subjects of agriculture/Minister of agriculture of the Republic of Kazakhstan, No. 205, 2016]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz> [in Kazakh].
- 4 Auyl sharuashylyhy ministrinin 2015 zhyly 30 kantardahy No. 9–1/71 buiryhymen bekitilhen Ahroonerkasiptik keshen subiektilelerinin karyzdarын kepildendiru zhane saktandyru shenberinde subsidiialau kahidalary [Rules of subsidizing within guarantee and insurance of loans of subjects of agro-industrial complex/Minister of agriculture of the Republic of Kazakhstan, No. 9–1/71, 2015]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz> [in Kazakh].
- 5 Kazakstan Respublikasy Premer-Ministrinin Orynbasary — Kazakstan Respublikasy Auyl sharuashylyhy ministrinin 2017 zhyly 1 akpandahy No. 50 buiryhymen bekitilhen Auyl sharuashylyhy zhanuarlaryn satyp aluha, sondai-ak auyl sharuashylyhy tekhnikasynyn lizinhi boiynsha syiaky molsherlemelerin subsidiialau kahidalary [Rules of subsidizing interest rates on the purchase of farm animals, as well as on leasing of agricultural machinery/Minister of agriculture of the Republic of Kazakhstan, No. 50, 2017]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz> [in Kazakh].